

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 19 қаңтардағы № 6-ө өкімі.

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі – тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы (келісу бойынша):

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тізбеге сәйкес құқықтық актілерді әзірлесін және қабылдасын;

2) келесі тоқсандағы айдың 20-күнінен кешіктірмей қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 19 қаңтардағы
№ 6-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық процесте азаматтардың құқықтарын қорғауды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2020 жылғы 19 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет құқықтық актілердің тізбесі

Р/ с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Нормативтік құқықтық актінің нысаны	Орындалуына жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	Құқықтық актілерді сапалы, уақтылы әзірлеуге және
--------------	------------------------------------	-------------------------------------	---------------------------------------	-----------------	---

					енгізуге жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1.	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Қылмыстық қудалау органдарының жұмысы туралы" № 1-Е нысанды статистикалық есепті және оны құрастыру Нұсқаулығын бекіту туралы" 2014 жылғы 1 қазандағы № 102 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Б а с Прокурорының бұйрығы	БП (келісу бойынша)	2021 жылғы наурыз	М. М. Ахметжанов
2.	Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының "Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы" №1-М есеп нысанын және оны қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" 2019 жылғы 24 сәуірдегі № 29 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Б а с Прокурорының бұйрығы	БП (келісу бойынша)	2021 жылғы наурыз	М. М. Ахметжанов

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

БП – Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК